



Т

Ұлт болашағы өз қолымызда!

12+

Талдықорған

Газет 1992 жылдың
2-наурызынан шыға бастады



TDKO KZ
TALDYKORGAN-ONLINE

www.taldykorgan-online.kz

e-mail: taldyk@bk.ru



@Taldykorganpress

№26 (1868)

Жұма, 4-шілде 2025 жыл, Республикалық қоғамдық-саяси газеті

САЯСАТ

ШАНХАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ АРТПАҚ



Мемлекет басшысы Шанхай ынтымақтастық ұйымының бас хатшысы Нұрлан Ермекбаевты қабылдады. Кездесуде ШЫҰ аясындағы ықпалдастықты одан әрі дамыту перспективасы талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан ШЫҰ-ның тиімді әрі теңгерімді халықаралық ұйым ретіндегі рөлін нығайтуға баса мән береді. Бұл қазіргі әлемдік саясаттағы сын-қатерлерге жедел үн қатуға ықпал етеді.

Президент Қытайдың ШЫҰ-ға төрағалығын жоғары бағалап, Ұйым тетіктерін жетілдіруге қолдау көрсететінін айтты.


Бұдан бөлек, Қазақстанның Ұйым аясында ұсынған басты бастамаларын іске асыру жолдары қаралды.

www.akorda.kz

ҰЛТ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

ЖЕТІСУЛЫҚТАР РЕКОРД ЖАҢАРТТЫ

Домбыраның әр пернесі тарихтың қатпарлы сырларын ақтарады. Бұл асыл аспапта қазақтың болмысы, шөжіресі, дүниетанымы жатыр. Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет сынды күй дүлдүлдерінің мұрасы – халқымыздың ғасырлар қойнауынан жалғасып келе жатқан айрықша қолтаңбасы. Атадан балаға мирас болған ұлттық музыка өнерін насихаттау, қоғамда ұлттық мәдениет пен бірегейлікті сақтау және жаңғырту мақсатында Ұлттық домбыра күні бекітілгені баршаға мәлім. Бұл мереке бүгінде елдік рухты көтеретін айшықты шараға айналды. Осыған орай Талдықорғанда бір мезетте 5000 күйші домбыраның күмбірін әуелетіп, қазақ күй өнеріндегі рекордты жаңартты.



Мерекелік шараға Жетісу өңірінің әр аудан-қаласынан келген кәсіби музыканттар, жас өнерпаздар мен мектеп оқушылары және қала тұрғындары қатысты. Ауқымды челленджде «Бақтыбайдың әуені» және «Ерке сылқым» күйі орындалды. Шараның мақсаты – киелі домбыраның рухани және мәдени маңызын жас ұрпаққа насихаттап, ұлттық өнерді дәріптеу, болашаққа бағдар боларлық рухани мұраның қадір-қасиетін арттыру.

Жиналған қауым «Ұлттық құндылықтарымызды, дәстүрімізді насихаттауға байланысты түрлі бағдарламалар мен жобалар қолға алынуда, бұл құлтарлық жағдай. Қазақ кім десе ең әуелі домбыраны көрсетеміз. Қазақ пен домбыра - егіз ұғым. Күмбірлеген домбыраның үні батырларымызға рух, ақындарымызға шабыт берген. Ол әрбір қазақтың рухын көкке көтеретін құнды қазынамыз», - дейді.

Қазақстан рекордтар кітабының бас редакторы Қайрат Тазабеков «Атырау, Орал қалаларында бір мезетте мыңнан астам, ал, Астанада, Түркістанда, Рудныйда үш мың қатысушы күй орындап, ауқымы кең жиындар өткен болатын. Сіздер бұл көрсеткішті ұлғайттыңыздар»-деп айтулы шараны абыроймен атқарған Жетісу жұртшылығына рекорд орнатқаны үшін арнайы куәлік табыстады.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ ҮШТӨБЕДЕГІ ЖЫЛУ ЖЕЛІЛЕРІН РЕКОНСТРУКЦИЯЛАУҒА ҚАРАЖАТ БӨЛІНДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өңірлердегі инженерлік желілер мен жылу көздерін жаңғырту жөніндегі тапсырмаларын жүзеге асыру шеңберінде Үкімет резервінен Жетісу облысының Үштөбе қаласындағы жылу желілерінде жөндеу жұмыстарын оқтай үшін шамамен 210 млн теңге бөлінді. Түісті Қаулыға Премьер-министр Олжас Бектенов қол қойды.



30 мың халқы бар Үштөбе қаласын орталықтандырылған жылумен қамту «Жылыту орталығы» ЖШС-ның орталық қазандығы арқылы жүзеге асырылады. Жылу желілерінің жалпы ұзындығы – 15,3 шақырым.

2024 жылы қаланың жылу жүйесінің қуатын арттыру үшін қуаты 12 Гкал/сағат болатын блок-модульді газ қазандығы орнатылды. Оның тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін ұзындығы 1,7 шақырым болатын, тозу деңгейі 50%-ға жеткен магистральдық жылу трассасын жаңғырту қажеттілігі туындады.

Жобаның құны 870 млн теңге, оның 70%-ы республикалық бюджеттен және 30%-ы жергілікті бюджеттен қаржыландырылады.

Бүгінгі таңда жұмыстардың 76%-ы аяқталды. 1,7 шақырым жылу желілерінің 1,3 шақырымы тартылды. Осы жылдың тамыз айына қарай реконструкциялауды толық аяқтау жоспарлануда.


Жобаны жүзеге асыру нәтижесінде Үштөбе қаласының тұрғындары 349 абонент, оның ішінде 282 тұрғын үй мен 67 заңды тұлға үздіксіз жылумен жабдықтауға қол жеткізе алады. Авариялық жағдайлар мен технологиялық бұзушылықтардың туындау қаупі азаяды, орталықтандырылған жылумен жабдықтаудың сапасы мен сенімділігі артады.

Тұрақты және сапалы жылумен қамтамасыз ету инфрақұрылымдық дамудың маңызды элементі болып саналады. Мұндай жобаларды жүзеге асыру өңірлерде өмір сүру деңгейін арттыруға ықпал етеді.

primeminister.kz

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ОҢАЛТУ МӘСЕЛЕСІ БОЙЫНША ТӘЖІРІБЕ АЛМАСУ

Жуырма «Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған Қаратам күндізгі болу орталығы» КММ қызметкерлері Өзбекстан Республикасының Мүгедектерді оңалту және протездеу ұлттық орталығына тәжірибе алмасу сапарымен барды.



Сапардың мақсаты – мүгедектерді оңалту саласындағы озық тәжірибелермен танысу және екіжақты әріптестікті дамыту. Делегация орталықтағы оңалту және протездеу қызметтерімен, оның ішінде CME әдісімен (Куэвас Медек Жаттығулары) танысты.

Іс-шара аясында мамандар психологиялық, әлеуметтік, кәсіби оңалту бағыттарында көрсетілетін кешенді қызметтермен танысып, мамандармен тәжірибе бөлісті.

Сапар барысында орталық мамандары қонақтарға оңалту әдістерін іс жүзінде көрсетіп, нақты бағыттар бойынша кеңес берді.

Мұндай тәжірибе алмасу әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыратын, инклюзивті қоғам құру жолындағы маңызды қадам болып табылады.

Жетісу облысы мен Өзбекстан арасындағы бұл кәсіби байланыс болашақта мүмкіндігі шектеулі жандарға көрсетілетін қызмет сапасын арттыруда өзінің оң ықпалын тигізетін болады.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметі бойынша



«ДАРЫН» МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР СЫЙЛЫҒЫНА БАЙҚАУ ЖАРИЯЛАНДЫ

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығына байқау жариялайды.

«Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы - ғылым, шығармашылық, қоғамдық қызмет салаларында жемісті еңбегімен көзге түскен, сондай-ақ жоғары спорттық жетістіктері үшін дарынды жастарды мемлекет тарапынан қолдау мақсатында ұсынылады.

Байқау «Әдебиет», «Ғылым», «Дизайн және бейнелеу өнері», «Журналистика», «Классикалық музыка», «Қоғамдық қызмет», «Спорт», «Театр және кино», «Эстрада», «Халық шығармашылығы» атты 10 номинация бойынша өтеді.

Сыйлық алуға халықаралық және республикалық конкурстардың, фестивальдар мен түрлі шаралардың лауреаттары, республикалық және халықаралық деңгейлердегі спорттық жарыстардың жүлдегерлері мен жеңімпаздары, сондай-ақ қызметі инновациялық болып табылатын және тиісті сала мен тұтастай қоғамды дамытуға ықпал еткен Қазақстан Республикасының 35 жасқа дейінгі азаматтары үміткер бола алады.

«Дарын» жастар сыйлығын алуға кандидатура-ларды орталық, жергілікті және өзге де мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер және Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген өзге де заңды тұлғалар жүргізеді және мынадай құжаттарды қағаз және электрондық түрде жібереді:

- 1) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығын

алуға арналған тіркеу өтінімі;

3) өтінішхат пен сыйлық алуға ізденушінің жетістіктері туралы анықтама;

4) марапаттау дипломдарының, грамоталардың, алғыс хаттардың көшірмелері (болған жағдайда);

5) кандидаттың немесе кандидат туралы мақалалардың, жарияланымдардың көшірмелері (болған жағдайда);

6) банктік шоттың болуы туралы анықтаманың көшірмесі;

7) кандидаттың жетістіктері туралы растайтын материалдар (болған жағдайда).

Жеңімпаздарға «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты» атағы беріледі және олар дипломмен, төсбелгімен сондай-ақ қаржылай сыйлықпен марапатталады.

«Дарын» жастар сыйлығы 1992 жылы тағайындалған. Әр жылдары аталған сыйлықты түрлі саладағы 360-дан астам азамат иеленген болатын.

Конкурсқа қатысуға құжаттар 2025 жылғы 26 маусымнан 27 тамыз аралығында (қоса алғанда) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі (қағаз нұсқа) мына мекенжай бойынша: Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы 8, «Министрліктер үйі» ғимаратының 14-кіреберісінде, ал (электрондық нұсқа) premiya.daryn@mki.gov.kz поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама телефондары: 8 (7172) 74-05-25, 8 (7172) 74-18-43, 8 701 170 46 54 (жұмыс күндері, сағ. 9:00-ден 18:30-ға дейін).

«Дарын» мемлекеттік сыйлығы қағидасы
<http://10.61.42.188/kaz/docs/V2300033016>

ОБЪЯВЛЕН КОНКУРС НА СОИСКАНИЕ ГОСУДАРСТВЕННОЙ МОЛОДЕЖНОЙ ПРЕМИИ «ДАРЫН»

Министерство культуры и информации Республики Казахстан объявляет конкурс на соискание Государственной молодежной премии «Дарын».

Государственная молодежная премия «Дарын» присуждается ежегодно в целях государственной поддержки талантливого молодежи за плодотворную научную, творческую, общественную деятельность, а также за высокие спортивные достижения.

Конкурс пройдет по 10 номинациям: «Литература», «Наука», «Дизайн и изобразительное искусство», «Журналистика», «Классическая музыка», «Общественная деятельность», «Спорт», «Театр и кино», «Эстрада», «Народное творчество».

На соискание премии претендуют граждане Республики Казахстан в возрасте до 35 лет на момент окончания приема заявок, являющиеся лауреатами международных и республиканских конкурсов, фестивалей и выставок, призерами и победителями спортивных соревнований республиканского и международного уровней, а также кандидаты, деятельность которых является инновационной и способствует развитию соответствующей отрасли и общества в целом.

Кандидатуры на соискание молодежной премии «Дарын» выдвигаются центральными, местными и иными государственными органами, общественными объединениями и иными юридическими лицами, зарегистрированными на территории Республики Казахстан, и представляют следующие документы в бумажном и электронном виде:

- 1) копию документа, удостоверяющего личность

кандидата;

2) регистрационную заявку на соискание Государственной молодежной премии «Дарын» по форме согласно приложению к настоящим Правилам

3) ходатайство и справку о достижениях соискателя премии;

4) копии наградных дипломов, грамот, благодарностей (при наличии);

5) копии статей, публикаций кандидата или о кандидате (при наличии);

6) копию справки о наличии банковского счета;

7) подтверждающие материалы о достижениях кандидата (при наличии).

Лицам, удостоенным премии, присваивается звание «Лауреат Государственной молодежной премии «Дарын», вручается диплом, нагрудной знак и денежная премия.

Премия «Дарын» была учреждена в 1992 году. В разные годы обладателями данной премии становились более 360 человек из различных сфер.

Документы соискателей принимаются (бумажный вариант) с 26 июня по 27 августа (включительно) 2025 года Министерством культуры и информации Республики Казахстан по адресу: г. Астана, проспект Мәңгілік ел 8, здание «Дом министерств» 14-подъезд, (электронный вариант) по почте premiya.daryn@mki.gov.kz.

Телефоны для справок: 8 (7172) 74-05-25, 8 (7172) 74-18-43, 8 701 170 46 54 (в рабочие дни, с 9:00 ч. до 18:30 ч.).

Правила присуждения Государственной молодежной премии «Дарын» <http://10.61.42.188/rus/docs/V2300033016>

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы №297 бұйрығымен бекітілген, Жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде ұйымдастыру мен өткізу қағидаларына сәйкес, Талдықорған қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 19 маусымдағы №3300000003364, 3300000005296, 3300000003365, 3300000005293, 3300000005295, 3300000005287 қаулылары негізінде, сыртқы жарнама объектілерін орнату үшін, «Талдықорған қаласының жер қатынастары бөлімі» ММ-сі коммерциялық мақсаттағы жер учаскелеріне жалдау құқығын сату бойынша ашық сауда-саттық өткізудің басталғаны туралы хабарлайды.

Аталған сауда-саттық «Е-qazyna» Мемлекеттік мүлік тізілімінің электрондық платформасы арқылы электрондық түрде жүзеге асырылады.

Сауда-саттықты өткізу тәртібі мен шарттары туралы ақпаратты қарау, сондай-ақ оларға қатысу үшін, сілтеме бойынша өту қажет <https://e-qazyna.kz>.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
ҚАУЛЫ

19.06.2025

Талдықорған қаласы

№3300000003364

Жалға алу құқығы сауда-саттыққа (аукционға) шығарылатын жер учаскесін бекіту туралы

«Талдықорған қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-нің ұсынылған сұлбасы негізінде, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 14-1-бабының 3-тармағына, 48-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы №297 «Мемлекеттік мүлік Тізілімінің веб-порталында жер учаскелерін сату бойынша сауда-саттықты (аукциондарды) немесе жер учаскелерін электрондық түрде жалға алу құқығын ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Абылайхан көшесі, Жансүгіров көшесімен қиылысы мекенжайы бойынша ауданы 10 ш.м. сыртқы (көрнекі) жарнама объектісін (билборд) орналастыру үшін бөлінбейтін жер учаскесінің орналасқан жері бекітілсін.

2. Сауда-саттыққа (аукционға) шығарылатын жер учаскелеріне жалдау құқығын беру мерзімі 3 жыл мөлшерінде айқындалсын.

3. Жер учаскесін пайдаланғаны үшін жыл сайынғы төлемақының есебіне сәйкес жер учаскесін жалға алудың бастапқы аукциондық құны 137,55 (жүз отыз жеті теңге елу бес тиын) теңге мөлшерінде белгіленсін.

4. «Талдықорған қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-сі Талдықорған қаласының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес жер учаскесіне алдын ала таңдау материалдарын дайындау жөнінде шаралар қабылдасын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Р.Бершінбековке жүктелсін.

Қала әкімі

Е.Бәзіл

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
ҚАУЛЫ

23.06.2025

Талдықорған қаласы

№3300000005296

Жалға алу құқығы сауда-саттыққа (аукционға) шығарылатын жер учаскесін бекіту туралы

«Талдықорған қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-нің ұсынылған сұлбасы негізінде, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 14-1-бабының 3-тармағына, 48-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы №297 «Мемлекеттік мүлік Тізілімінің веб-порталында жер учаскелерін сату бойынша сауда-саттықты (аукциондарды) немесе жер учаскелерін электрондық түрде жалға алу құқығын ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алдабергенов көшесінің бойында ауданы 3 ш.м. сыртқы (көрнекі) жарнама объектісін (билборд) орналастыру үшін бөлінбейтін жер учаскесінің орналасқан жері бекітілсін.

2. Сауда-саттыққа (аукционға) шығарылатын жер учаскелеріне жалдау құқығын беру мерзімі 3 жыл мөлшерінде айқындалсын.

3. Жер учаскесін пайдаланғаны үшін жыл сайынғы төлемақының есебіне сәйкес жер учаскесін жалға алудың бастапқы аукциондық құны 41,27 (қырық бір теңге жиырма жеті тиын) теңге мөлшерінде белгіленсін.

4. «Талдықорған қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-сі Талдықорған қаласының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес жер учаскесіне алдын ала таңдау материалдарын дайындау жөнінде шаралар қабылдасын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Р.Бершінбековке жүктелсін.

Қала әкімі

Е.Бәзіл

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
ҚАУЛЫ

19.06.2025

Талдықорған қаласы

№3300000003365

Жалға алу құқығы сауда-саттыққа (аукционға) шығарылатын жер учаскесін бекіту туралы

«Талдықорған қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-нің ұсынылған сұлбасы негізінде, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 14-1-бабының 3-тармағына, 48-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы №297 «Мемлекеттік мүлік Тізілімінің веб-порталында жер учаскелерін сату бойынша сауда-саттықты (аукциондарды) немесе жер учаскелерін электрондық түрде жалға алу құқығын ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Балапанов көшесі мен Рақышев көшесінің қиылысы мекенжайы бойынша ауданы 13 ш.м. сыртқы (көрнекі) жарнама объектісін (билборд) орналастыру үшін бөлінбейтін жер учаскесінің орналасқан жері бекітілсін.

2. Сауда-саттыққа (аукционға) шығарылатын жер учаскелеріне жалдау құқығын беру мерзімі 3 жыл мөлшерінде айқындалсын.

3. Жер учаскесін пайдаланғаны үшін жыл сайынғы төлемақының есебіне сәйкес жер учаскесін жалға алудың бастапқы аукциондық құны 178,82 (жүз жетпіс сегіз теңге сексен екі тиын) теңге мөлшерінде белгіленсін.

4. «Талдықорған қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-сі Талдықорған қаласының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес жер учаскесіне алдын ала таңдау материалдарын дайындау жөнінде шаралар қабылдасын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Р.Бершінбековке жүктелсін.

Қала әкімі

Е.Бәзіл

ОБЪЯВЛЕНИЕ

В соответствии с Правилами организации и проведения торгов (аукционов) по продаже земельных участков или права аренды земельных участков в электронном виде на веб-портале реестра государственного имущества, утвержденными Приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 15 октября 2021 года №297, а также на основании постановления акимата города Талдықорған №3300000003364, 3300000005296, 3300000003365, 3300000005293, 3300000005295, 3300000005287 от 19 июня 2025 года, для устройства объектов наружной рекламы, ГУ «Отдел земельных отношений города Талдықорған» сообщает, о начале проведения открытых торгов по продаже права аренды на земельные участки коммерческого назначения.

Указанные торги осуществляются в электронном виде посредством электронной платформы реестра государственного имущества «Е-qazyna»

Для просмотра информации о порядке и условиях проведения торгов, а также принятия в них участия, необходимо пройти по ссылке <https://e-qazyna.kz>.

АКИМАТ ГОРОДА ТАЛДЫКОРҒАН
ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ
ПОСТАНОВЛЕНИЕ

19.06.2025

город Талдықорған

№3300000003364

Об утверждении земельного участка, право аренды на которого выставляется на торги (аукцион)

На основании схемы, предоставленной ГУ «Отдел архитектуры и градостроительства города Талдықорған», в соответствии с пунктом 3 статьи 14-1, статьей 48 Земельного кодекса Республики Казахстан, приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 15 октября 2021 года №297 «Об утверждении Правил организации и проведения торгов (аукционов) по продаже земельных участков или права аренды земельных участков в электронном виде на веб-портале реестра государственного имущества», акимат города **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Утвердить местоположение неделимого земельного участка для размещения объекта наружной (визуальной) рекламы (билборд), площадью 10 кв.м., по адресу: улица Абылайхана, пересечение с улицей Жансугурова.

2. Определить срок аренды земельного участка, выставляемого на торги (аукцион) земельного участка – 3 года.

3. Установить начальную аукционную стоимость аренды земельного участка, согласно расчету ежегодной платы за пользование земельным участком в размере 137,55 (сто тридцать семь тенге пятьдесят пять тиын) тенге.

4. ГУ «Отдел архитектуры и градостроительства города Талдықорған», в соответствии с требованиями действующего законодательства города Талдықорған, принять меры по подготовке материалов предварительного выбора на земельный участок.

5. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима города Р.Бершинбекова.

Аким города

Е.Бәзіл

АКИМАТ ГОРОДА ТАЛДЫКОРҒАН
ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ
ПОСТАНОВЛЕНИЕ

23.06.2025

город Талдықорған

№3300000005296

Об утверждении земельного участка, право аренды на которого выставляется на торги (аукцион)

На основании схемы, предоставленной ГУ «Отдел архитектуры и градостроительства города Талдықорған», в соответствии с пунктом 3 статьи 14-1, статьей 48 Земельного кодекса Республики Казахстан, приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 15 октября 2021 года №297 «Об утверждении Правил организации и проведения торгов (аукционов) по продаже земельных участков или права аренды земельных участков в электронном виде на веб-портале реестра государственного имущества», акимат города **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Утвердить местоположение неделимого земельного участка для размещения объекта наружной (визуальной) рекламы (билборд), площадью 3 кв.м., по адресу: вдоль улицы Алдабергенова.

2. Определить срок аренды земельного участка, выставляемого на торги (аукцион) земельного участка – 3 года.

3. Установить начальную аукционную стоимость аренды земельного участка, согласно расчету ежегодной платы за пользование земельным участком в размере 41,27 (сорок один тенге двадцать семь тиын) тенге.

4. ГУ «Отдел архитектуры и градостроительства города Талдықорған», в соответствии с требованиями действующего законодательства города Талдықорған, принять меры по подготовке материалов предварительного выбора на земельный участок.

5. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима города Р.Бершинбекова.

Аким города

Е.Бәзіл

АКИМАТ ГОРОДА ТАЛДЫКОРҒАН
ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ
ПОСТАНОВЛЕНИЕ

19.06.2025

город Талдықорған

№3300000003365

Об утверждении земельного участка, право аренды на которого выставляется на торги (аукцион)

На основании схемы, предоставленной ГУ «Отдел архитектуры и градостроительства города Талдықорған», в соответствии с пунктом 3 статьи 14-1, статьей 48 Земельного кодекса Республики Казахстан, приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 15 октября 2021 года №297 «Об утверждении Правил организации и проведения торгов (аукционов) по продаже земельных участков или права аренды земельных участков в электронном виде на веб-портале реестра государственного имущества», акимат города **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Утвердить местоположение неделимого земельного участка для размещения объекта наружной (визуальной) рекламы (билборд), площадью 13 кв.м., по адресу: пересечение улицы Балапанова и улицы Ракишева.

2. Определить срок аренды земельного участка, выставляемого на торги (аукцион) земельного участка – 3 года.

3. Установить начальную аукционную стоимость аренды земельного участка, согласно расчету ежегодной платы за пользование земельным участком в размере 178,82 (сто семьдесят восемь тенге восемьдесят два тиын) тенге.

4. ГУ «Отдел архитектуры и градостроительства города Талдықорған», в соответствии с требованиями действующего законодательства города Талдықорған, принять меры по подготовке материалов предварительного выбора на земельный участок.

5. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима города Р.Бершинбекова.

Аким города

Е.Бәзіл



6 ШІЛДЕ Астана күні

*Құрметті Талдықорған қаласының
тұрғындары мен қала қонақтары!*

Сіздерді еліміздің мерейлі мерекесі – Астана күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Есідің бойына ел қондырған бүгінгі астанамыз – тәуелсіздіктің төл тарихы, ұлттың ұйытқысы, құт қонған мерейлі мекен! Қазақстанның зор мүмкіндігі мен жетістігінің айқын көрінісі. Егемен еліміздің жарқын болашағының нышаны, ұлт рухының биік символы деп білемін.

Елордамыз аз ғана уақыт ішінде дамудың даңғыл жолына түсіп, жаһандық деңгейде танылған сәулетті қалаға айналды. Бұл – бүкіл халықтың ортақ жеңісі, ортақ қуанышы.

Олай болса, баршаңызды жалпыхалықтық мерекемен құттықтай отырып, әрбір шаңыраққа зор денсаулық, береке-бірлік пен мол ырыс тілеймін! Елордамызбен бірге еліміздің беделі артып, мәртебесі өсе берсін! Бас қаламыз күннен-күнге қарыштап дамып, көркейе бергей! Қазақ елінің көк байрағы көгімізде желбірей берсін!

Ернат БӘЗІЛ, Талдықорған қаласының әкімі

Жайнай бер, Елордам!



Ерсұлтан АСЫЛХАН

Өтенай ауылы, «Балалар әлемі» балабақшасы, «Бейтерек» тобы.

Тәрбиеші: Өсемгүл БАЙБАТЫРОВА

Далида ЖАНАТ

Астанама қарашы, Елімнің жас қаласы.

Елордам менің - Астана,

Осында жаңа бастама.

Сәулетті зәулім үйлер көп,

Көрікті сондай жас қала.

Астанама қарашы,

Елімнің жас қаласы.

Неткен ұлы, неткен кең,

Қазағымның даласы!



Асылым НҰРЖАНҚЫЗЫ

Өтенай ауылы, «Балалар әлемі» балабақшасы, «Зымыран» тобы.

Тәрбиеші: Айгерім ШАЯХМЕТОВА

Жанерке ЖАНАБЕКОВА

МЕРЕКЕ АЙШЫҒЫ БАҚ ӨКІЛДЕРІМЕН БЕЙРЕСМИ КЕЗДЕСУ



Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл шығармашылық еңбек жолында қалтқысыз қызмет етіп жүрген журналистерді арнайы құттықтап, олардың қоғамдағы маңызды рөліне тоқталды. Әкім өз сөзінде бүгінгідей ақпараттар ағыны тасқындаған кезеңде жел сөзге дем бермей, нақты дерекке сүйене әрекет қылушы жандардың еңбектеріне ризашылығын жеткізді.

Бейресми форматта өткен мерекелік шарда журналистер үшін дарст, садақ ату, бадминтон, интеллектуалдық ойындар, атқа міну сияқты қызықты жарыстар ұйымдастырылып, қатысушылар белсенділік танытты. Бұл күн қалам иелерінің кәсіби мерекесін жоғары көңіл-күймен атап өтуге, бір-бірімен етене араласып, шығармашылық қарым-қатынасты нығайтуға мол мүмкіндік берді. Ернат Дүйсенбекұлы: «Ақпарат айдынында дамылсыз қызмет етіп келе жатқан сіздердің еңбектеріңіз – қоғам мен билік арасындағы алтын көпір. Осы орайда, жақсылықтың жаршысы болып, Жетісу халқын дер кезінде ақпаратпен қамтып отырған Сіздерге алғысымды білдіргім келеді. Бүгінгі шараның ерек-



ше еркін форматта өтуі шығармашылық адамдары үшін үлкен серпін бермек. Қаламдарыңыз әрдайым қарымды, жариялаған жаңалықтарыңыз жағымды болсын!»-деді. Сондай-ақ, айтулы мереке қарсаңында Астанада өткен салтанатты шарда Президенттің қолынан «Ерен еңбегі үшін» медалін алған «Талдықорған» газетінің бас редакторы Гүлжанат Нұржанова мен өңірде өткен салтанатты жиында «Жетісу» телерадиокомпаниясы қазақ редакциясының бас редакторы Гүлжанат Мақұлжанованың «Құрмет» орденіне ие болуы барша Талдықорған жұртшылығы үшін зор жетістік екенін атап өтті. Бұл жетістіктер өскелең ұрпақ пен жас журналистерге әрқашан үлгі-өнеге болатынын тілге тиек етті.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

АРМАНДАР ОРЫНДАЛҒАН ҚАЛА

Тарихқа көз жүгіртсек, 1994 жылы 6 шілдеде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі «Астананы Ақмола қаласына көшіру туралы» қаулы қабылдады.

Елорданы Алматыдан басқа қалаға көшіру туралы шешімнің бірнеше себебі бар еді. Соның ішінде Қазақстанның оңтүстік шекарасында орналасқан Алматының өнеркәсіп орталықтарынан шалғай орналасуы ықпал етті. Ақмола облыстардың ішінде алдыңғы қатарда болды. Сонымен қатар бұрынғы астананы одан әрі кеңейту мүмкіндігі аз болды, ал Ақмоланың бұл жағынан перспективасы зор.

1997 жылы орталық мемлекеттік мекемелер Ақмолаға ресми көшірілгеннен кейін елордаға қатысты тағы бір маңызды шешім қабылданды. 1998 жылы 6 мамырда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен қалаға «Астана» деген жаңа атау берілді.

Астана елорда мәртебесіне ие болған 27 жыл ішінде, барлық жағынан өсіп-өнген алып шаһарға айналды.

Мадина АМАНЖОЛҚЫЗЫ, Астана тұрғыны:

— Астанаға Нұр-Сұлтан аталып тұрғанда көшіп келдім. Қазақта «Болам деген баланың бетін қақпа, белін бу»- деген жақсы нақыл бар. Баламыздың жасынан өнерге құштарлығы ерекше болды. Мұны байқаған мамандар Елордадағы өнер мектебіне неге апарып көрмейсіз деген пікірлер, Астанаға жол тартуымызға себеп болды. Содан Есенәліміздің арманы осы қалада жүзеге асты. Димаш Құдайбергенов оқыған өнер ордасының мектебіне қабылданғанда ерекше қуандық. Атақты өнер иесі Күләш Байсейітова атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясы мектебінде оқып-білім алуда. Бүгінде №2 музыкалық мектептен қазақ халық аспаптар бөлімінің домбыра сыныбын қызыл дипломмен аяқтап, қазір вокалда оқиды.

Бұл оқу орны өз шәкірттерінің өнерін шыңдау мақсатында шетелде өтетін байқауларға қатыстырады. Есенәлі Сайлаулы бірнеше мәрте халықаралық байқауларға қатысып, лауреат атанды. Елорда асыл армандардың орындалуына себепші шаһар. Биік мәдениет пен өнердің ордасы. Шаһарымыз өркендеп, жастарға даңғыл жол ашсын!

Айгүл ҚАСЕНОВА, кәсіпкер:

— Өткенде Алматыдан Астанаға қонаққа



барып қайттым. Елорда қандай өркендеп кеткен, таңғалдым. Көркіне көз тоймайды. Нағыз жастардың қаласы. Көрнекті ғимараттарының маңайы түрлене түскен. Шағын демалып отыратын саябақтар, демалыс орындары көп екен. Елорда тұрғындары да ашық-жарқын көрінді. Қалаға келген қонақтар «Бейтерек» монументіне, Орталық Азиядағы ең үлкен - Ұлттық музейге, Бейбітшілік және келісім сарайы, «Астана» орталық концерт залы, әлемдегі ең үлкен шатыр саналатын - «Хан-Шатыр» ойын-сауық орталығына арнайы ат басын тірейді екен. Көптеген этнос өкілдері тұратындығын байқадым. Түрлі ұлт өкілдерінің тату-тәтті өмір сүруінің арқасында Астанаға 1999 жылы ЮНЕСКО шешімімен «Бейбітшілік қаласы» атағы берілуі де зор мақтаныш. Миллиондардың қаласында түрлі ғимараттар мен тұрғын үйлер көптеп салынуда. Бұл да қала дамуының көрсеткіші. Астана күнімен баршаңызды құттықтап, отбасыларыңызға амандық, бақыт, толағай табыс тілеймін!

Данагүл МӘКЕН



АБАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ НЫСАНДАРЫ ӘКІМ НАЗАРЫНДА

Қала әкімі Ернат Бәзіл бірқатар әлеуметтік маңызды нысандарды аралап, абаттандыру және сумен жабдықтау саласындағы жұмыстардың барысымен танысты.

Атап айтқанда, әкім «Жетісу» және «Жұлдыз» шағын аудандарындағы аулаларды абаттандыру жобаларының жүзеге асуымен танысты. Сондай-ақ, Шевченко-Құрманов көшелері қиылысында салынып жатқан сумен жабдықтау желілерінің құрылысына барып, нысандағы инженерлік жұмыстардың сапасын тексерді.

уақытында орындалуы тиіс», – деді қала әкімі Ернат Бәзіл.

«ҰЛАН» ШАҒЫН АУДАНЫ АБАТТАНДЫРЫЛДЫ

Талдықорғандағы ұзақ уақыт жөндеу көрмеген «Ұлан» шағын ауданы абаттандырылып, ел игілігіне берілді. Облыс әкімінің тапсырмасымен жөндеу жұмыстары өткен жылы басталған болатын.

Сонымен қатар биыл «Жұлдыз», «Жетісу» аудандары қамтылды. Жөндеу және жаңғырту ісін қыркүйекте аяқтау жоспарда бар.



Біржан сал көшесіндегі көше абаттандыру жобасы да назардан тыс қалмады. Мұнда тротуарлар мен көгалдандыру жұмыстарының қарқыны қаралды.

Аралату барысында Ернат Бәзіл бірқатар кемшіліктерге назар аударып, жауапты мердігерлер мен бөлім басшыларына нақты ескерту жасады. Әкім жұмыстардың мерзімі мен сапасына баса назар аударып, жобалардың қатаң бақылауда болатынын ескертті.

«Абаттандыру – тек сыртқы көрік емес, тұрғындардың күнделікті өмір сапасына тікелей әсер ететін маңызды сала. Сондықтан әрбір жұмыс тыңғылықты әрі

Сондай-ақ, Талдықорған қаласында қала көркі мен санитарлық тазалықты сақтау мақсатында субұрқақтарды жуу және техникалық күтім жұмыстары жүргізілді.

Арнайы техника мен қызметкерлердің көмегімен субұрқақтардағы су жүйелері тазартылып, алаңдардағы қоршаған ортаға зиян келтірмей, қауіпсіздік шаралары сақтала отырып жуу жұмыстары атқарылды.

Мұндай жұмыстар жаз мезгілінде қаланың эстетикалық келбетін арттырып, тұрғындардың жайлы демалысы үшін маңызды.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі



БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ

АРДАГЕРЛЕР АРАСЫНДАҒЫ БИЛЬЯРД ТУРНИРИ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Ұлт денсаулығын бекемдеу мәселесі де өте өзекті. Барлық жас санаты арасында бұқаралық спорт түрлерін насихаттай беру керек. Балалар үшін спорттық инфрақұрылымның барынша қолжетімді болуын қамтамасыз ету керек. Бұқаралық спортты дамыту – пирамидаға айналуы қажет. Оның басына чемпиондар шықса, оның негізінде біз сау әрі саналы ұрпақты, мықты ұлтты қалыптастырамыз», – деген еді.



Ақсүйектердің ойыны саналатын бильярдта талдықорғандық ардагерлердің де ойып алар орны бар. Басында бильярдқа әуесқой спорт түрі ретінде қараған ардагерлер арасында интеллектуалдық ойынның шемішкесін шағатындары да бар.

Астана күні қарсаңында «Жастар» спорт сарайында Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесінің жоспарына сәйкес ардагерлер арасында бильярд спортынан жарыс өтті. Шараны қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Керімбеков Ақшабай Дүйсенбекұлы және Жетісу облысы бильярд спорты федерациясының ҚБ президенті Тоқтар Есімов ашып, турнир қатысушыларына сәттілік тіледі. Турнирдің бас төрешісі – Төлеу Мамбеталин әділқазылық етті.

Ақшабай КЕРІМБЕКОВ, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы: «Мұндай шара ардагерлер арасында үзбей өткізіліп келеді. Біздің ардагерлер спорт десе ішкен асын жерге қояды. Сайыстың қай түрі болмасын қатысып, топ жарып жүр. Бүгінгі бильярд жарысы ерекше ұқыптылық пен ұшқырлықты талап ететін спорт түрі. Бұл жерде бір-біріне қарсылас емес, өзара тәжірибе алмасып, кәсіби шеберліктің үлгісін көрсетуге мүмкіндік аласыздар. Турнирдің мақсаты

- зиялы орта мен сұхбат алаңын қалыптастыру, бұқаралық спортты насихаттау болып табылады. Сондықтан да барлық ойыншыларға сәттілік тілеймін».

Әр спорт өзінше ерекше. Федерация басшысы Тоқтар ағаның айтуынша, жастарға үлгі ретінде ардагерлер арасында турнирлер жиі ұйымдастырылады. Ойыншылар республикалық жарыс төрінен көрініп, жүлделі орындар иеленуде.

Бұл күні ойыншылар жақсы ойын өрнегін көрсетіп, өзара кіл мықтылар жарыс финалына шықты. Айтар болсақ, бұл жарысқа 22 ардагер қатысуға өтініш берген еді. Оның 16-сы іріктеліп алынды. Жарысқа қатысушы ардагерлер арасында жасы ең үлкені 84 жастағы Мәмбетбаев Әшім ақсақал да тамаша ойын үлгісін көрсетті. Ол кісінің иығына қазақи салтпен шапан жабылды.

Таңертең басталған ойын кеш қарая аяқталды. Сонымен жарыс қорытындысы бойынша I орынды Геннадий Чарсов, II орынды Табыс Жобалаев, III орындарды Ержан Жонкебаев пен Бауыржан Темірғалиев иеленді. Сондай-ақ, ардагерлер Владислав Певченин мен Береке Сейітбековке ынталандыру сыйлығы табысталды.

Данагүл МӘКЕН



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ

ҚАУІПСІЗДІКKE ЖАУАПТЫ МАМАН



Ел экономикасының тұрақты дамуында жұмысшы мамандардың үлесі орасан зор. Қарап тұрсақ, өндіріс, құрылыс, ауыл шаруашылығы және көлік, ақпарат салалары қарапайым мамандардың біліктілігі мен еңбегіне сүйенері сөзсіз. Бейсен Құранбек атындағы Журналистер үйінің жылумен, жарықпен қамтылуын назарда ұстайтын мамандарды күнделікті осы жерден кездестіреміз. Солардың қатарында elektrik маманын меңгерген Қайрат Жартыбаев өз ісіне ұқыпты, ыждаһатты.

- Мен бұл мекемеде 2015 жылдан бері еңбек етіп келемін. Жалпы еңбек өтілім 20 жылдан асады. Аталмыш мамандықпен құрылыс саласында еңбек жолымды бастадым. Мұнда кезекпен келіп жұмысымызды атқарып жүрміз. Жарықты, әсіресе жаз айында көп тұтынатындықтан ақаулар жиі шығып тұрады. Өз ісімізге жауапкершілікпен қараймыз. Себебі, жарықсыз жұмыс жүрмейді. Айналадағы адамдарға қажет екенінді түсінгенде жұмысқа деген ынтамыз артады, – дейді Қайрат Төлеуұлы.

Данагүл ӘНУАРБЕКҚЫЗЫ

(Басы 3-бетте).

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
ҚАУЛЫ

19.06.2025

Талдықорған қаласы

№330000005293

Жалға алу құқығы сауда-саттыққа
(аукционға) шығарылатын жер
учаскесін бекіту туралы

«Талдықорған қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-нің ұсынылған сұлбасы негізінде, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 14-1-бабының 3-тармағына, 48-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы №297 «Мемлекеттік мүлік Тізілімінің веб-порталында жер учаскелерін сату бойынша сауда-саттықты (аукциондарды) немесе жер учаскелерін электрондық түрде жалға алу құқығын ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жастар саябағының тұрағы мекенжайы бойынша ауданы 5 ш.м. сыртқы (көрнекі) жарнама объектісін (билборд) орналастыру үшін бөлінбейтін жер учаскесінің орналасқан жері бекітілсін.

2. Сауда-саттыққа (аукционға) шығарылатын жер учаскелеріне жалдау құқығын беру мерзімі 3 жыл мөлшерінде айқындалсын.

3. Жер учаскесін пайдаланғаны үшін жыл сайынғы төлемақының есебіне сәйкес жер учаскесін жалға алудың бастапқы аукциондық құны 68,78 (алпыс сегіз теңге жетпіс сегіз тиын) теңге мөлшерінде белгіленсін.

4. «Талдықорған қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-сі Талдықорған қаласының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес жер учаскесіне алдын ала таңдау материалдарын дайындау жөнінде шаралар қабылдасын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Р.Бершінбековке жүктелсін.

Қала әкімі

Е.Бәзіл

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
ҚАУЛЫ

23.06.2025

Талдықорған қаласы

№330000005295

Жалға алу құқығы сауда-саттыққа
(аукционға) шығарылатын жер
учаскесін бекіту туралы

«Талдықорған қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-нің ұсынылған сұлбасы негізінде, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 14-1-бабының 3-тармағына, 48-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы №297 «Мемлекеттік мүлік Тізілімінің веб-порталында жер учаскелерін сату бойынша сауда-саттықты (аукциондарды) немесе жер учаскелерін электрондық түрде жалға алу құқығын ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қонаев көшесінің бойында ауданы 2 ш.м. сыртқы (көрнекі) жарнама объектісін (билборд) орналастыру үшін бөлінбейтін жер учаскесінің орналасқан жері бекітілсін.

2. Сауда-саттыққа (аукционға) шығарылатын жер учаскелеріне жалдау құқығын беру мерзімі 3 жыл мөлшерінде айқындалсын.

3. Жер учаскесін пайдаланғаны үшін жыл сайынғы төлемақының есебіне сәйкес жер учаскесін жалға алудың бастапқы аукциондық құны 27,51 (жиырма жеті теңге елу бір тиын) теңге мөлшерінде белгіленсін.

4. «Талдықорған қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-сі Талдықорған қаласының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес жер учаскесіне алдын ала таңдау материалдарын дайындау жөнінде шаралар қабылдасын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Р.Бершінбековке жүктелсін.

Қала әкімі

Е.Бәзіл

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
ҚАУЛЫ

19.06.2025

Талдықорған қаласы

№330000005287

Жалға алу құқығы сауда-саттыққа
(аукционға) шығарылатын жер
учаскесін бекіту туралы

«Талдықорған қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-нің ұсынылған сұлбасы негізінде, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 14-1-бабының 3-тармағына, 48-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы №297 «Мемлекеттік мүлік Тізілімінің веб-порталында жер учаскелерін сату бойынша сауда-саттықты (аукциондарды) немесе жер учаскелерін электрондық түрде жалға алу құқығын ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы-Талдықорған тас жолының бойындағы Жастар паркі тұрағы мекенжайы бойынша ауданы 2 ш.м. сыртқы (көрнекі) жарнама объектісін (билборд) орналастыру үшін бөлінбейтін жер учаскесінің орналасқан жері бекітілсін.

2. Сауда-саттыққа (аукционға) шығарылатын жер учаскелеріне жалдау құқығын беру мерзімі 3 жыл мөлшерінде айқындалсын.

3. Жер учаскесін пайдаланғаны үшін жыл сайынғы төлемақының есебіне сәйкес жер учаскесін жалға алудың бастапқы аукциондық құны 27,51 (жиырма жеті теңге елу бір тиын) теңге мөлшерінде белгіленсін.

4. «Талдықорған қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-сі Талдықорған қаласының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес жер учаскесіне алдын ала таңдау материалдарын дайындау жөнінде шаралар қабылдасын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Р.Бершінбековке жүктелсін.

Қала әкімі

Е.Бәзіл

АКИМАТ ГОРОДА ТАЛДЫКОРГАН
ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ
ПОСТАНОВЛЕНИЕ

19.06.2025

город Талдықорған

№330000005293

Об утверждении земельного участка,
право аренды на которого
выставляется на торги (аукцион)

На основании схемы, предоставленной ГУ «Отдел архитектуры и градостроительства города Талдықорған», в соответствии с пунктом 3 статьи 14-1, статьей 48 Земельного кодекса Республики Казахстан, приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 15 октября 2021 года №297 «Об утверждении Правил организации и проведения торгов (аукционов) по продаже земельных участков или права аренды земельных участков в электронном виде на веб-портале реестра государственного имущества», акимат города **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Утвердить местоположение неделимого земельного участка для размещения объекта наружной (визуальной) рекламы (билборд), площадью 5 кв.м., по адресу: вдоль парковки парка Жастар.

2. Определить срок аренды земельного участка, выставляемого на торги (аукцион) земельного участка – 3 года.

3. Установить начальную аукционную стоимость аренды земельного участка, согласно расчету ежегодной платы за пользование земельным участком в размере 68,78 (шестьдесят восемь тенге семьдесят восемь тиын) тенге.

4. ГУ «Отдел архитектуры и градостроительства города Талдықорған», в соответствии с требованиями действующего законодательства города Талдықорған, принять меры по подготовке материалов предварительного выбора на земельный участок.

5. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима города Р.Бершинбекова.

Аким города

Е.Бәзіл

АКИМАТ ГОРОДА ТАЛДЫКОРГАН
ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ
ПОСТАНОВЛЕНИЕ

23.06.2025

город Талдықорған

№330000005295

Об утверждении земельного участка,
право аренды на которого
выставляется на торги (аукцион)

На основании схемы, предоставленной ГУ «Отдел архитектуры и градостроительства города Талдықорған», в соответствии с пунктом 3 статьи 14-1, статьей 48 Земельного кодекса Республики Казахстан, приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 15 октября 2021 года №297 «Об утверждении Правил организации и проведения торгов (аукционов) по продаже земельных участков или права аренды земельных участков в электронном виде на веб-портале реестра государственного имущества», акимат города **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Утвердить местоположение неделимого земельного участка для размещения объекта наружной (визуальной) рекламы (билборд), площадью 2 кв.м., по адресу: вдоль улицы Қонаева.

2. Определить срок аренды земельного участка, выставляемого на торги (аукцион) земельного участка – 3 года.

3. Установить начальную аукционную стоимость аренды земельного участка, согласно расчету ежегодной платы за пользование земельным участком в размере 27,51 (двадцать семь тенге пятьдесят один тиын) тенге.

4. ГУ «Отдел архитектуры и градостроительства города Талдықорған», в соответствии с требованиями действующего законодательства города Талдықорған, принять меры по подготовке материалов предварительного выбора на земельный участок.

5. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима города Р.Бершинбекова.

Аким города

Е.Бәзіл

АКИМАТ ГОРОДА ТАЛДЫКОРГАН
ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ
ПОСТАНОВЛЕНИЕ

19.06.2025

город Талдықорған

№330000005287

Об утверждении земельного участка,
право аренды на которого
выставляется на торги (аукцион)

На основании схемы, предоставленной ГУ «Отдел архитектуры и градостроительства города Талдықорған», в соответствии с пунктом 3 статьи 14-1, статьей 48 Земельного кодекса Республики Казахстан, приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 15 октября 2021 года №297 «Об утверждении Правил организации и проведения торгов (аукционов) по продаже земельных участков или права аренды земельных участков в электронном виде на веб-портале реестра государственного имущества», акимат города **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Утвердить местоположение неделимого земельного участка для размещения объекта наружной (визуальной) рекламы (билборд), площадью 2 кв.м., по адресу: парковка парк Жастар, вдоль трассы Алматы-Талдықорған.

2. Определить срок аренды земельного участка, выставляемого на торги (аукцион) земельного участка – 3 года.

3. Установить начальную аукционную стоимость аренды земельного участка, согласно расчету ежегодной платы за пользование земельным участком в размере 27,51 (двадцать семь тенге пятьдесят один тиын) тенге.

4. ГУ «Отдел архитектуры и градостроительства города Талдықорған», в соответствии с требованиями действующего законодательства города Талдықорған, принять меры по подготовке материалов предварительного выбора на земельный участок.

5. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима города Р.Бершинбекова.

Аким города

Е.Бәзіл

Талдықорған қаласының Өтенай ауылдық округіне қарасты Жастар-1 /1 және Жастар-3 тұрғын үй алаптарының көшелеріне жаңа атау беру бойынша жергілікті қоғамдастық жиналыс ХАТТАМАСЫ

Талдықорған қаласы, Өтенай ауылы
«17» маусым 2025 жыл,
сағат:17:00

Көпшілік тыңдау отырысын жүргізген - Өтенай ауылдық округінің әкімі **Малтаев Руслан Ырысбекұлы**.

Хатшы: Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық бөлімшесінің бас маманы – **Серикова Диана Бериковна**.

КҮН ТӨРТІБІНДЕ:

Өтенай ауылдық округіне қарасты Жастар 1/1 және Жастар-3 тұрғын үй алабы көшелеріне атау беру.

Қатысқандар:

- «Талдықорған қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ бас маманы – Рысбаева Сандұғаш Арнайқызы.

- «Жастар 1/1» және «Жастар-3» тұрғын үй алабының тұрғындары

- Жергілікті қоғамдастық мүшелері (тізім бойынша)

- Округ ақсақалдары

Өтенай ауылдық округіне қарасты Жастар 1/1 және Жастар - 3 тұрғын үй алабы көшелеріне атау беру туралы қоғамдастық жиынды Р.Малтаев «ашық» деп жариялап, шақырылғандарды күн тәртібімен таныстырды.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша алғашқы

№	Жаңадан берілетін атауы	Көшенің бұрынғы атауы	Сипаттамасы
1.	Харламов Василий көшесі	№3 атауы жоқ жаңа көше	Өтенай а.о. Жастар 1/1 тұрғын ауданы
2.	Воронин Андрей көшесі	№1 атауы жоқ жаңа көше	Өтенай а.о. Жастар 1/1 тұрғын ауданы
3.	Қалилаханов Тәңірберген көшесі	№4 атауы жоқ жаңа көше	Өтенай ауылы Жастар 1/1 тұрғын ауданы
4.	Түстікбеков Қайыпбай көшесі	№11 атауы жоқ жаңа көше	Өтенай ауылы, Жастар 1/1 тұрғын ауданы
5.	Жалбағаев Айтбек көшесі	№10 атауы жоқ жаңа көше	Өтенай а/о Жастар 1/1 тұрғын ауданы
6.	Малин Иван көшесі	№13 атауы жоқ жаңа көше	Өтенай а.о. Жастар 3 тұрғын ауданы
7.	Бендигов Степан көшесі	№7 атауы жоқ жаңа көше	Өтенай а.о. Жастар 3 тұрғын ауданы
8.	Каримов Елубек көшесі	№9 атауы жоқ жаңа көше	Өтенай а.о. Жастар 3 тұрғын ауданы
9.	Битюков Иван көшесі	№ 6 атауы жоқ жаңа көше	Өтенай а.о. Жастар 3 тұрғын ауданы

Жиналысқа қатысушылардың аталған мәселе бойынша ұсыныстары.

1. **Торайғыров Дәурен** - Жастар 1/1 тұрғын үй алабындағы жер учаскелерін тұрғындардың өздері сатып алғанын атап өтті. Ұсынылған көше атауларында Ұлы Отан Соғысына қатысқан қазақ ардагерлердің есімдерін беру жөнінде ұсыныс жасады. Сонымен қатар, Алаш азаматтарының есімдерін беру мәселесін қарастыру немесе бекітілген тізімге сәйкес ардагерлердің есімдерін тұрғындардың таңдауы үшін рұқсат беру ұсынылды.

2. **Сүлейменов Беделбек** - Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлердің тізімі бойынша, әрбір ардагердің туған облысына оның атымен көше атауын беру туралы ұсыныс жасады. Сонымен қатар ардагерлерді ғана емес халыққа еңбегі сіңген азаматтардың есімдерін беру туралы да ұсынды.

3. **Арапов Асқар** - өз ұлтымыздың және жергілікті азаматтардың есімдерін көше атауларына беру жөнінде ұсыныс жасады. Сонымен қатар, келер ұрпаққа түсіндіру мақсатында, басқа ұлт азаматтарының есімдерін қоюға қарсы екендігін және Қазақстанға қатысы жоқ, еңбегі сіңбеген азаматтардың есімдерін беру қажет еместігін атап өтті.

4. **Муратова Нағима** - тізімде аталған Жалбағаев Айтбек атасы туралы өмір баянын айтып, атасының есімін көшеге беру туралы келісіп мақтан тұтатындығы туралы өз ойын айтты.

5. **Түстікбеков Марат** - Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлердің барлығын құрметтеудің маңыздылығын атап өтті. Тізімде көрсетілген Тустукбеков Қайыпбайдың өмір жолы мен ерлігі туралы айтты. Ол өзінің тұрғылықты жері Талдықорған қаласы, 3-бөлімшеде тұратынын жеткізді және №10 атауы жоқ көшеге әкесі Түстікбеков Қайыпбайдың есімін беру ұсынысын жасады.

6. **Бухбантаева Айнагуль** - жиналыста қозғалған ұсыныстарды қолдап, қатысушылар өз пікірлерін білдірді. Қазіргі таңда өзінің ардагер әкесінің Үштобе қаласы, Кальпе ауылында көше атауын алғаны туралы мақтанышпен айтты. Сондай-ақ, көше атауларына ардагер атасының және әкесінің есімдерін беру дұрыс және маңызды екендігі туралы ойымен бөлісті.

7. **Ахметжанов Жандос** - Ұлы Отан соғысына қатысқан атасы Іргебаев Ахметжан II дәрежелі ордені бар екендігі туралы айтты. Өзінің Жастар 1/1 тұрғын үй алабында тұратындығы және атасының есімін көшенің атауларына қосылуы туралы ұсыныс жасады.

сөзді Өтенай ауылдық округінің әкімі Р.Малтаев сөйледі: Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасына сәйкес 2025 жылы ҰОС Жеңістің 80-жылдығына орай ұлықтау жоспарланған Кеңес Одағы батырлары мен бір немесе одан да көп ордендері бар ҰОС ардагерлерінің тізімі дайындалды. Анықтау мәліметтері Талдықорған қаласының әкімдігіне қала тұрғындарынан келіп түскен өтініштерден, мұрағаттан, Жеңістің мерейлі даталарына шығарған кітаптарынан алынды.

Сіздердің назарларыңызға Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 08 желтоқсандағы Заңы 14-1 бабының 1 – тармағына және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 01 тамыздағы №211 бұйрығымен бекітілген «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидалары» 3 - тарауына сәйкес Өтенай ауылдық округіне қарасты «Жастар-1/1» және «Жастар-3» тұрғын үй алабына жаңа көшелерінің атауларын ұсынуы және ұсыныстармен танысу туралы баяндама жасады.

8. **Бектенов Ерболған** - Өтенай ауылындағы көшелерге атауларын көрсету мақсатында көше аншлагтарын ілуді ұсынды.

Отырыс төрағасы, Өтенай ауылдық округінің әкімі Р.Малтаев: Құрметті қауым, аталған мәселе бойынша белсенді қатысып, өз ой-пікірлеріңізбен бөлісулеріңізді сұраймын!Көшелерге беріліп отырған тұлғалар жайлы толық ақпарат берілді. Осымен дауыс беруге көшейік.

Құрметті қатысушылар, қалай дауыс береміз: барлық көшелерді тізім бойынша бірден бе, әлде әр көшені жеке-жеке қараймыз ба?

Тұрғындар барлық көшелерге бірден тізіммен дауыс беруді ұсынды.

Отырыс төрағасы, Өтенай ауылдық округінің әкімі Р.Малтаев: Жақсы, аталған 9 көшеге атау беруді кім қолдайды? Қарсы? Қалыс? Жоқ. Қабылданады.

Жергілікті қоғамдастық мүшелері мен Жастар 1/1 тұрғын үй алабының тұрғындары 2 көше атауын Харламов Василий көшесі және Воронин Андрей көшелерінің атауына қарсылығын білдірді.

Тустукбеков Қайыпбайдың ұлы Түстікбеков Мараттың ұсынысы бойынша ол өзінің тұрғылықты жері Талдықорған қаласы, 3-бөлімшеде тұратынын жеткізіп және сол көшеге әкесінің есімін беруді сұрады. Осыған байланысты Түстікбеков Қайыпбай атына Жастар 1/1 тұрғын үй алабынан көше атауын беруге қарсылық білдірді.

Ал қалған 6 көшеге, яғни Қалилаханов Тәңірберген көшесі, Жалбағаев Айтбек көшесі, Малин Иван көшесі, Бендигов Степан көшесі, Каримов Елубек көшесі, Битюков Иван көшелеріне атау беруді, бірауыздан қолдаған тұрғын саны - 30, қарсы шыққан – 0, қалып қалған тұрғын саны - 0.

Отырыс төрағасы, Өтенай ауылдық округінің әкімі Р.Малтаев:

Бүгінгі қаралған мәселе бойынша хаттама бұқаралық аппарат құралдарында жарияланып, қалалық мәслихат пен әкімдіктің бірлескен шешімімен облыстық ономастикалық комиссияның қарауына ұсынылады.

Тұрақты комиссия төрағасы айтылған ұсыныс әлі де жергілікті атқарушы органмен бірлесе қаралатынын айтып, отырысты «жабық» деп жариялады.

Жиын төрағасы

Өтенай ауылдық округі әкімі **Р.Малтаев**

Хатшы:

Д.Серикова



ЗДОРОВАЯ НАЦИЯ

СРОЧНАЯ ПОМОЩЬ ПРИ ТРАВМАХ ЛИЦА И НОСА

Травмы лица и носа часто сопровождаются кровотечением, отёком, болевым шоком и риском повреждения дыхательных путей. Первая помощь должна быть оказана быстро и грамотно.

Если пострадавший в сознании – посадите его с наклоном головы вперёд. Это предотвращает заглатывание крови и облегчает дыхание. При носовом кровотечении аккуратно сожмите крылья носа пальцами на 10–15 минут. Можно приложить холод к переносице или затылку – это сужает сосуды.

Если травма сопровождается выраженным отёком, синяками, деформацией носа или костей лица – не трогайте и не вправляйте ничего самостоятельно. Приложите

холод (лёд в ткани) на 10–15 минут. Это уменьшит боль и снизит отёк. При открытых ранах наложите стерильную повязку без давления.

Если рана загрязнена – не промывайте её ничем, просто прикройте чистой тканью. При повреждении глаза – не давите, не промывайте, наложите сухую повязку и срочно доставьте пострадавшего к врачу.

При потере сознания, затруднённом дыхании, рвоте – уложите пострадавшего набок, освободите рот от слизи или крови. Срочно вызовите скорую помощь (103).

Травмы лица и носа – не просто косметическая проблема. При несвоевременной помощи возможны тяжёлые осложнения. Главное – не паниковать, остановить кровотечение, не трогать повреждённые участки и вовремя вызвать медиков.

КРОВОТЕЧЕНИЕ ИЗ НОСА ПРИ ЧЕРЕПНО-ЛИЦЕВОЙ ТРАВМЕ

Кровотечение из носа (эпистаксис) при черепно-лицевой травме – тревожный симптом, указывающий на возможное повреждение костей носа, решётчатой кости, основания черепа или сосудов. Такая ситуация требует не только остановки кровотечения, но и оценки риска внутричерепных и сосудистых осложнений.

Первый шаг – уложить или посадить пострадавшего с наклоном головы вперёд, чтобы кровь не попадала в дыхательные пути и желудок. Категорически запрещено запрокидывать голову назад! При наличии инородных тел или признаков перелома – не трогать нос. Крылья носа можно осторожно прижать пальцами на 10–15 минут.

Если травма сопровождается массивным кровотечением, – используется передняя и (при необходимости) задняя тампонада носа, но только медицинским персоналом.

Признаки тяжёлого повреждения: кровь течёт из двух ноздрей, из ушей, изо рта или сочится с примесью ликвора – это указывает на возможный перелом основания черепа. В таком случае пострадавшего нельзя перемещать без жёсткой фиксации головы и шеи. Приложите холод к переносице, контролируйте дыхание и уровень сознания, срочно вызывайте скорую.

Кровотечение из носа при травме – не просто локальная проблема. Это может быть симптом опасных внутричерепных повреждений. Важно не терять время и действовать по алгоритму: остановить кровь, исключить угрозу жизни, обеспечить быструю транспортировку в стационар.

РЕАНИМАЦИЯ

ПРИ СОЧЕТАННЫХ ТРАВМАХ ГОЛОВЫ

Реанимация при сочетанных травмах головы с инородными телами в ЛОР-органах – это комплексная задача, требующая быстрой, слаженной работы травматолога, ЛОР-врача и бригады скорой помощи. При тяжёлых черепно-лицевых травмах существует высокий риск обструкции дыхательных путей инородными телами – выбитыми зубами, сгустками крови, фрагментами слизистой, инородными предметами. Любая задержка в восстановлении проходимости может привести к гипоксии и остановке сердца.

Алгоритм начинается с быстрой оценки уровня сознания, дыхания и пульса. Если пострадавший без сознания, сразу оценивается проходимость дыхательных путей. Нужно осторожно осмотреть полость рта и глотку с фонариком, при необходимости удалить инородные тела с помощью пальцев, пинцета или аспиратора. Очень

важно избегать грубых манипуляций, которые могут протолкнуть предметы глубже или усилить кровотечение. При признаках частичной обструкции выполняются приём Хеймлиха или осторожная санация, при полной обструкции – срочный доступ к дыхательным путям (например, коникотомия).

Фиксация шейного отдела обязательна для предотвращения вторичных повреждений спинного мозга. При отсутствии спонтанного дыхания и сердечной деятельности начинают сердечно-легочную реанимацию с акцентом на эффективную вентиляцию легких. Врач оценивает возможность интубации, при затрудненной визуализации гортани прибегает к экстренной хирургической технике обеспечения дыхательных путей.

После стабилизации витальных функций пациента срочно транспортируют в стационар с готовой операционной бригадой. Быстрая помощь при сочетанных травмах головы и инородных телах в ЛОР-органах способна спасти жизнь и предотвратить развитие тяжёлых осложнений, таких как аспирационная пневмония, отек гортани или необратимое повреждение мозга.

ЭКСТРЕННАЯ ПОМОЩЬ ПРИ ТРАВМЕ ВИСОЧНОЙ КОСТИ

Травма височной кости – серьезное состояние, которое может сопровождаться повреждением головного мозга, внутреннего уха, лицевого нерва и сосудов. Это неотложная ситуация, требующая немедленной медицинской помощи.

Первое, на что следует обратить внимание – состояние сознания. Пострадавший может жаловаться на резкую боль в области уха, головокружение, шум в ушах, тошноту, нарушенное равновесие или двоение в глазах. Возможна потеря сознания, судороги, а также вытекание крови или прозрачной жидкости из уха – тревожный признак, указывающий на повреждение основания черепа.

В таких случаях нельзя промывать ухо, вставлять ватные тампоны или пытаться остановить вытекание жидкости. Пострадавшего следует уложить на спину с приподнятой головой или на бок, если идёт ис-

ечение из уха – чтобы жидкость свободно вытекала.

Если человек без сознания – обеспечить проходимость дыхательных путей, при необходимости – провести сердечно-легочную реанимацию. Следите за дыханием и пульсом. При рвоте – повернуть голову на бок.

К повреждённой области можно приложить холод через ткань для уменьшения отёка, но избегать давления. Срочно вызвать скорую помощь (103), сообщив о подозрении на черепно-мозговую травму.

Травмы височной кости опасны развитием внутричерепных гематом и поражением жизненно важных структур. Быстрая реакция, минимальное вмешательство и срочная госпитализация – залог спасения.

Рая ТОЛЕУХАНҚЫЗЫ,
станция скорой помощи г. Талдықорған.
С. АРАЛБАЕВ,
поликлиника № 9 г. Алматы.
Г. ЕРЕМЕЕВА,
поликлиника №2 г. Талдықорған

ЕҢБЕК АДАМЫ БОЛМЫСЫ БӨЛЕК ЕДІЛ

КСРО Журналистер Одағының мүшесі Түкенов Еділ 1930 жылы Қазақ ССР Ақтөбе облысы Темір қаласында дүниеге келген. Әкесі Әлімбетов Түкен батырақ, анасы Төлеуова Айша үй шаруасында болған. Бала кезден ата-анасының қолында тәрбие алған. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін орта білім алған Еділ Түкенов Халық Комиссарлары Кеңесі жанындағы Біріккен Мемлекеттік саяси басқармада және ішкі істер халық комиссариятында жұмыс істейді.

Ұлы Отан соғысы кезіндегі басқа түскен қиындықтарға байланысты мектептегі оқуынан қол үзіп, Ақтөбе облысы, Журин ауданы, Қамыстыкөл колхозында колхозшы, бухгалтер ретінде жұмыс істейді. 1946 жылы Ленин комсомолы қатарына қабылданады. 1948 жылы оқуын жалғастырып, 1952 жылы КазМУ-дың журналистика факультетіне оқуға түседі. 1957 жылы оқуын бітіріп, жолдамамен Талдықорған облысына келеді. Ұзақ жылдар бойы баспасөз саласында жемісті қызмет етеді. Талдықорған облыстық «Советтік Жетісу», «Коммунизм жолы», «Социалистік еңбек жолы», «Жетісу шұғыласы» газеттерінде талмай еңбек еткен. Еділ Түкенұлы «Бапқа бітер бал дақыл», «Тәжірибеден тәлім», «Өрлеудің өнеркәсіптік өрісі» атты кітаптарды әдеби тұрғыдан өңдеп, аннотациясын жазып, баспаға әзірлеген. Еділ Түкеновтың

қаламынан «Көкезектің қыздары», «Екі тағдыр», «Ақ тілек», «Оташы», «Село аты-Целинный» атты мағыналы очерктер туған. 1961 жылдан КПСС мүшесі болған. 1968 жылы өз мамандығы бойынша облыстық телерадио комитетіне жұмысын ауыстырады.

Телерадио саласының тарланына айналып, көптеген очерк, мақалалар жазып, редактор болып, жемісті қызмет етеді. Осы мекемеден 1990 жылдың қазан айында зейнетке шығады. Қызмет бабында көптеген Алғыс хат және Құрмет грамоталарымен марапатталған. Жұбайы Ауданбекова Сара екеуі үш баланы дүниеге әкеліп, оларға саналы білім, сапалы тәрбие берген.

Бүлбүл МӘКЕНОВА,
Жетісу облысының мемлекеттік архивінің архивисі

МӘМС ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ ТҮСІНІКТІ АРТТЫРУ

МЕДИЦИНАЛЫҚ
САҚТАНДЫРУ
ҚОРЫ



Жетісу облысы бойынша Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының филиалы өңірдегі ірі кәсіпорындар – «Қайнар-АКБ» ЖШС, «Аласем» ЖШС және «ТТТ Сервис» ЖШС ұжымдарымен кездесу өткізді.

Кездесудің басты мақсаты – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі туралы қызметкерлердің хабардарлығын арттыру. Қор өкілдері кездесуде қызметкерлер мен жұмыс берушілердің МӘМС жүйесіндегі құқықтары мен міндеттері туралы кеңінен түсіндіріп, медициналық көмек алу тәртібі, сақтандырылған мәртебесін өзектендіру мен жарналарды уақытылы төлеудің маңызын атап өтті.

Сонымен қатар, қатысушылар меди-

циналық қызметтерге қол жеткізу, МӘМС арқылы өтелетін процедуралар тізбесі және пациент құқықтарын қорғау тетіктері жөнінде өзекті сұрақтарына жауап алды.

«Осы сынды кездесулер жыл сайын ұйымдастырылып тиімділігін дәлелдеуде. Ашық диалог форматы денсаулық сақтау жүйесі мен халық арасындағы байланысты нығайтып, медициналық қызметтерді әрбір азамат үшін қолжетімді әрі түсінікті етуге ықпал етеді», – деді Қор филиалы директорының орынбасары Арыстанбек Өтеғұлов.

Қор филиалы алдағы уақытта да өңір кәсіпорындарымен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жалғастыруды жоспарлауда.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ
Жетісу облысы бойынша филиалы

КИБЕРҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУ ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТЫҚТАН ҚОРҒАНУ ЖОЛДАРЫ



Интернет-алаяқтықтың алдын алып, қорғану жолдары қандай?

1. Банктағы шоттарыңызды жиі тексеріп отырыңыз. Егер сіз күмәнді өзгерістерді байқап қалсаңыз, бұл туралы тиісті орындарға тез арада хабар беріңіз.
2. Компьютер мен жеке ақпаратты қорғау үшін брандмауэр мен вирусқа қарсы бағдарламалық құралды орнатыңыз және оларды үнемі жаңартып отырыңыз.
3. Компьютеріңіздегі ақпараттық жүйені және бағдарламалық құралды жиі жаңалап отырыңыз.
4. Wi-Fi желісін шифрлеу арқылы қорғаңыз.
5. Сілтемеге өтуді меңзейтін хабарламалардан сақ болыңыз. Күмәнді хабарламалардағы сілтемені баспаңыз.
6. Әлеуметтік желііңізге немесе электронды поштаңызға келген күдікті хабарламаны дереу толығымен өшіріп тастаңыз.

7. Егер сіз абайсызда күмәнді хабарламадағы сілтемені басып қойған болсаңыз, антивирустық бағдарламаны қосып, жүйені толық тексеріп шығыңыз.

8. Сізге келген хабарламаның заңдылығын тексеру үшін компаниямен тікелей байланысыңыз немесе олардың веб-мекен-жайын енгізу арқылы веб-бетіне кіріп тексеріңіз. Алайда хабарламада көрсетілген сілтеме арқылы веб-бетке өтпеңіз.

9. Жеке құпия сөздеріңізді қауіпсіз жерде сақтаңыз. Сіздің құпия сөздеріңіз 8 символдан, сандардан және әріптерден құралғаны дұрыс. Әрбір онлайн тіркемелеріңізге әртүрлі құпия сөз пайдаланыңыз. Және оларды қауіпсіз жерге жазып алыңыз.

10. Хабарласқан бөгде адамдарға жеке немесе қаржылық деректеріңізді ешқашан айтпаңыз.

11. Қорғалмаған, ашық Wi-Fi желісі арқылы өзіңіздің жеке шотыңызға кірмеңіз жіне сауда жасамаңыз.

14. Ұялы телефоныңыздағы банк қосымшаларына, жеке деректерге құпия сөз енгізіп қойыңыз.

13. Сатып алатын немесе жеке деректерді енгізетін сайттардың мекенжайларына назар аударыңыз. Сайт беті «http» деп емес, «https» арқылы басталуы тиіс.

Интернет-алаяқтық жаһандық мәселе айналып отыр. Ақпараттық сауаттылықты дамыту және сақтық шараларын қолдану арқылы ғана біз өзімізді және жеке деректерімізді алаяқтардың ықпалынан қорғай аламыз.


nege.kz



1. Коммуналдық және әлеуметтік бағыты



2. Мектеп және балабақша мәселесі бойынша арыз шағымдар



3. Сонымен қатар, медицина саласы бойынша да өтініштерді қабылдаймыз

қызметіне қандай сұрақтармен жүгінуге болады:

- ▲ 109 қысқа нөміріне қоңырау шалу немесе әлеуметтік желілерде өтініштер қалдыру жеткілікті.
- ▲ 109 қызметі 24/7 режимінде жұмыс істейді. Мәселені бізбен бірге шешіңіз!
- ▲ Өтініштерді қабылдау: 109 нөміріне тегін қоңырау шалу.

«НАРКОТИКИ СТОП!» ОСОБЫЙ АКЦЕНТ – НА РАБОТЕ С МОЛОДЁЖЬЮ

На Арбате г. Талдықорғана прошла масштабная акция «Наркотики STOP!», объединившая неравнодушных горожан в борьбе с наркозависимостью. Участники стали школьники, студенты, специалисты, волонтеры и активисты, для которых тема зрелого бужущего – не пустые слова, передает корреспондент Vestnik19.kz

Во время акции с городских улиц стирали запрещённые граффити, на аллеях раздавали буклеты, брошюры и шоколадки с мотивационными посланиями. Психологи и наркологи консультировали всех желающих, отвечали на сложные личные вопросы, помогали разобраться в чувствах и страхах. В свою очередь представители правоохранительных органов проинформировали о действующем антинаркотическом законодательстве, об ответственности за хранение, распространение и употребление запрещённых веществ. Горожане узнали, какие статьи Уголовного и Административного кодексов применяются к тем или иным случаям, а также куда обра-



щаться за помощью и поддержкой.

Особый акцент — на работе с молодёжью. С подростками говорили прямо: что такое зависимость, как её избежать, где искать поддержку. В атмосфере доверия и равного разговора звучали важные признания и твёрдые обещания себе: не пробовать, не поддаваться, не разрушать свою жизнь.

Организаторы отмечают, что это не разовая акция. Работа по профилактике продолжается: в школах, на улицах, в соцсетях. Сегодняшнее мероприятие стало ещё одним шагом к формированию города, где каждый выбирает свет, а не тень.

ЗАҢ МЕН ТӘРТП ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕ

Біз мүлде жаңа қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Ал шешімі күрделі мәселелер де бар. Ол – әлеуметтік мәселе. Бұл салада қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол – сыбайлас жемқорлық. Елімізде осы мәселеге орай арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, паракорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, жалған жауап беру немесе жауап беруден жалтаруға, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Талдықорған қаласының төтенше жағ-

дайлар басқармасы - сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор деп есептейміз. Осы мақсаттағы жұмыстарды жүйелі жүргізуге тағы бір серпін ретінде «Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы қолданысқа енгізілген. Бұл Жарлық еліміздегі құқық қорғау органдары қызметтерін жетілдіруге бағыттала отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттермен олардың пайда болуының алдын алуда жүйелі, әрі тұрақты шаралар атқаруды қамтамасыз етеді.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ.

А. БАЙДІЛДАНОВА,
Талдықорған қаласының
ТЖБ аға инженері,
Азаматтық қорғау капитаны

БАСПАСӨЗ – 2025
РЕДАКЦИЯДАН:
6 айға – 2000 тг.

Тел.: 40-11-02, 8 705 870 70 76.

Мекенжайымыз:
Ж.Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат,
4012 бөлме.

ПОШТАДАН:

ИНДЕКС 15771

ЗАҢДЫ ТҰЛҒА (қала)

6 ай – 3819,28 тг.

ЗАҢДЫ ТҰЛҒА (ауыл)

6 ай – 2283,2 тг.

ИНДЕКС 65771

ЖЕКЕ ТҰЛҒА (қала)

6 ай – 2033,2 тг.

ЖЕКЕ ТҰЛҒА (ауыл)

6 ай – 2033,2 тг.

МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҒЫ» ЖШС



ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР
НҰРШАНОВА
ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02
E-mail: taldyk@bk.ru

Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.
ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 050 дана.
Тапсырыс №693 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй. 4-қабат

- Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.
- Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталығы.
- «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
- «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.
- Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбісінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.
- Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.
- Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.